

Павлодар облысының Әділет департаменті  
20 21 ж. 13 - 01  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ  
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 97 044 000 2030  
Алғашқы тіркелген күні 1997 ж. 29 - 04

Павлодар облысының Әділет департаменті  
2021 ж. 13 - 01  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ  
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ  
№ 2629 - 1945 - ММ куәлік  
Алғашқы тіркелген күні 1997 ж. 29 - 04



**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 17 жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы**

**1. Жалпы ережелер**

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 17 жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме халық депутаттарының Павлодар қалалық кеңесін атқару комитетінің 1984 жылғы «3» қыркүйектегі № 21/381 шешімімен құрылған.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 17 жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орыс тіліндегі атауы: коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная профильная школа дифференцированного обучения № 17 города Павлодара» отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140013, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Катаев көшесі, 68-құрылыс.

## 2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлері болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе облыстық бюджет қаражатымен әкімшілік-аумақтық бірлік субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті түрде тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

## 3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерту болып табылады.

14. Өз мақсаттарына жету үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- 1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) білім алу, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 3) құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 4) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген базистік ғылым негіздерін алуын қамтамасыз ету;
- 5) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

б) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

7) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

8) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

9) барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;

10) жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле Басқару органының немесе облыстық коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның, жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндеттері

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

3) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

4) ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жыл сайын ағымдағы оқу жылының соңына дейін:

- алдағы оқу жылында пайдалануға ұсынылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдары мен қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі туралы;

- алдағы оқу жылында пайдаланылатын оқу материалдарының тізбесі туралы хабардар ету;

5) егер осы Заңда және қабылдаудың Үлгілік ережесінде өзгеше көзделмесе білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастыру;

6) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу;

7) ұлттық бірыңғай тестілеуді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу;

8) өз қаржы қаражаттары шектерінде мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогтердің міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз ету;

11) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;

13) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

14) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;

15) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз ету;

16) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер материалдық қамсыздандыру түрлерінің уақтылы берілуін қамтамасыз ету;

17) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету.

## 5. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме:

1) мектепке дейінгі білім беру;

2) бастауыш білім беру;

3) негізгі орта білім беру;

4) жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

Міндетті пәндерге қосымша білім алушылардың өздерінің таңдауы бойынша оқытуды ұйымдастыру үшін жеке тұлғаның мүдделерін, қабілеттерін және мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған пәндер енгізіледі.

19. Негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын игеру мектеп бітіруші түлектерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

20. Басқару органның келісімі бойынша білім алушылардың, тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, бейімдері мен қабілеттерін есепке ала отырып коммуналдық мемлекеттік мекемеде бір жылдық мектепалды сыныптар, мамандандырылған (гимназия) және бейінді сыныптар, психикалық дамуы тежелген балалар үшін түзету сыныптар, оқытуды өтейтін сыныптар ашылуы мүмкін.

21. Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай экстернат нысанында оқыту жүзеге асырылады.

## 6. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау, сондай-ақ білім алушыларды, тәрбиеленушілерді шығару тәртібі

22. Білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін коммуналдық мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде белгіленеді.

23. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекемеден бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа орта білім беру ұйымына ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде білім беру ұйымдары басшыларының бұйрықтарымен жүргізіледі.

25. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдау негізінде білім беру ұйымдарының басшылары білім беру қызметтерін көрсету

үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасайды.

26. Мамандырылған (гимназия) сыныптарға қабылдау, жалпы білім беретін сыныптан мамандырылған (гимназия) сыныпқа көшіру, оқудан шығару оқу үлгерімінің нәтижесі бойынша (рейтингтік балмен) педагогикалық кеңестің шешімімен жүргізіледі. Оқудан шығарылған оқушылар жалпы білім беретін сыныптарында оқуын жалғастырады.

27. Экстернат нысанында оқытуға қабылдау тәртібі экстернат нысанында оқыту және «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары негізінде белгіленеді.

28. Білім алушыны Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде соңғысы оны және (немесе) ата-аналарын (оларды алмастыратын адамдарды) жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

29. Он алты жасқа дейінгі балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардан шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің түлектеріне мемлекеттік үлгідегі негізгі орта білім және жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

## **7. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі, тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі**

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асырады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап келесі жылғы 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқу жұмыс жоспарының тиісті білім беру деңгейдегі үлгілік оқу жоспаларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (бұдан әрі – МЖМБС) сәйкес қамтамасыз етеді.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде қосымша білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары іске асырылады.

34. Оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

36. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушыларды медициналық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады.

37. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабақтар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

38. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айқындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

39. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас ережелерін, тамақтану мәдениетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық нормативділігі немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтандыру объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жан-піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

40. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқытылуы мемлекеттік және орыс тілдерінде білім беру процесін іске асырады.

## **8. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі**

41. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және оларға аралық аттестаттау жүргізеді.

## **9. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі**

42. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге коммуналдық мемлекеттік мекеменің бюджет қаражаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері төгін ұсынылады.

43. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге;

2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, оқушылардан және педагогтерден ақшаны өндіріп алуға тыйым салынады.

44. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде келесі тауарларды (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуға:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыруға;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытының пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыруға;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуге;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсынуға;



6) жазғы демалысты ұйымдастыруға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз етуге;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберуге;

8) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыруға;

9) ғылыми зерттеулерді жүргізуге құқылы.

45. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.

46. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

47. Ақылы негізде қызметтер көрсететін коммуналдық мемлекеттік мекеменің және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

*Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаяны жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.*

### **10. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі**

48. Білім алушылар және тәрбиеленушілердің:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сипаты білім алуға;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

5) коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;

6) бір оқу орнынан басқасына ауысуға;

7) коммуналдық мемлекеттік мекемеде, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік

кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

9) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.

49. Білім алушылар және тәрбиеленушілердің коммуналдық мемлекеттік мекемеде:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, білікті, практикалық дағдыларды меңгеруге;

2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;

4) коммуналдық мемлекеттік мекемедегі басқа білім алушылар мен қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтіні мен музыкалық редакциясын жатқа білуге;

6) өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

7) коммуналдық мемлекеттік мекеме талаптарымен белгілеген мектеп формасын киіп жүруге, киімде қандай да бір конфессиялардың діни тәсілдік элементтерін, соның ішінде бас киімдерін (тақиялар, бас орамалдар, косынкалар және басқалар) киюге жол бермеуге;

8) білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

50. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару органының жұмысына қатысуға;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие.

51. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- 1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемеде балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекемеде балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5) ата-аналар жиналыстарына, қажет болған жағдайда әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақырылуымен оқу-тәрбиелік үдерісі бойынша және педагогикалық көмек көрсету бойынша жеке педагогикалық әңгіме жүргізу үшін коммуналдық мемлекеттік мекемеге келуге;
- 6) оқушының коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін бүлдіргені үшін материалдық жауапкершілік алуға;
- 7) коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 8) коммуналдық мемлекеттік мекеме белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді сақтауға міндетті.

### **11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар**

52. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

53. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

54. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

55. Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін пішілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

56. Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін пішілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

57. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейделен, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.

58. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

59. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе кереғар келетін галстук тігіледі.

60. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

61. Мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер және т.б.) салуға болады. Олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, жилет, галстук) жоғарғы бөлігінде орналасады.

62. Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады.

63. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

64. Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын коммуналдық мемлекеттік мекеме мен қамқоршылық кеңес айқындайды, жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

65. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім қамқоршылық кеңеспен келісу арқылы қабылданады.

66. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы ағымдағы жылғы 25 мамырға дейін мектеп формасының бекітілуін қамтамасыз етеді.

67. Басшы осы Талаптармен ата-аналарды немесе заңды өкілдерді коммуналдық мемлекеттік мекемеге білім алушыны қабылдау туралы өтініш (еркін нысанда) беру кезінде қол қойғызу арқылы және жалпы мектептік ата-аналар жиналысында таныстырады.

68. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайларда шектеу іс-шаралары алынғанға, төтенше жағдай қолданысы, форс-мажор жағдайлары тоқтатылғанға дейін ата-аналар балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемеге киіп бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі сәтті киіммен қамтамасыз етеді.

## 12. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

69. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

70. Жергілікті атқарушы органның келесі функциялары бар:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды нысанада, коммуналдық мемлекеттік мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді немесе облыстық коммуналдық мүлікке иелік етуге уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға уәкілеттік береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

71. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) белгіленген тәртіпте коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату, коммуналдық мемлекеттік мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құру, коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босату негіздерін айтып береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) жергілікті атқарушы органға коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

9) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен оған белгіленген өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

72. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру қағидалары негізінде басқару органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, басқару органына тікелей бағынады және коммуналдық мемлекеттік

мекемеге жүктелген міндеттерді орындау мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы дара басшылық қағидағдары бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

75. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

76. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Басқару органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Басқару органымен келісім бойынша орынбасарды (орынбасарларды) тағайындайды;
- 10) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 12) коммуналдық мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырғаны үшін жеке жауапты болады;
- 13) Басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді тағайындайды және жұмыстан босатады;
- 14) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Басқару органы немесе жергілікті атқарушы орган жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

77. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен жергілікті атқарушы органның арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

78. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен Басқару органы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

79. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары құрылады. Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарының алқалық басқару нысандары болып табылады.

### **13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

80. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі нышалардың:

- 1) оған жергілікті атқарушы орган берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздер есебінен құрылады.

81. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке ештеңе тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

82. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі Басқару органы немесе жергілікті атқарушы органның бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

83. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады. Коммунальное государственное учреждение ведет бухгалтерский учет и представляет отчетность в соответствии законодательством Республики Казахстан.

84. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында Басқару органы және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ештеңе де мемлекеттік органдармен жүзеге асырады.

### **14. Еңбек ұжымымен өзара қатынас және коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

85. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

86. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

#### **15. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

87. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқару органының немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

#### **16. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

88. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

89. Мемлекеттік заңды тұлға заңнамалық актілермен, басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

90. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

91. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

#### **17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

92. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері

Мектеп басшысы

Досанова Роза Сапарғалиевна





Утвержден  
приказом управления финансов  
Павлодарской области  
от \_\_\_\_\_ 2021 года  
№ \_\_\_\_\_

**Устав коммунального государственного учреждения  
«Средняя общеобразовательная профильная школа  
дифференцированного обучения № 17 города Павлодара» отдела  
образования города Павлодара, управления образования Павлодарской  
области**

**1. Общие положения**

1. Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная профильная школа дифференцированного обучения № 17 города Павлодара» отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области (далее – Коммунальное государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения для осуществления функций в сфере образования.
  2. Вид государственного учреждения: коммунальное.
  3. Коммунальное государственное учреждение создано решением исполкома Павлодарского городского Совета народных депутатов от «3» сентября 1984 года № 21/381.
  4. Учредителем Коммунального государственного учреждения является местный исполнительный орган – акимат Павлодарской области.
  5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества Коммунального государственного учреждения, является государственное учреждение «Отдел образования города Павлодара» управления образования Павлодарской области (далее – Орган управления).
  6. Наименование коммунального государственного учреждения на государственном языке: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 17 жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
- Наименование Коммунального государственного учреждения на русском языке: коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная профильная школа дифференцированного обучения №

17 города Павлодара» отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области.

7. Место нахождения Коммунального государственного учреждения: Республика Казахстан, 140013, Павлодарская область, город Павлодар, улица Катаева, строение 68.

## **2. Юридический статус коммунального государственного учреждения**

8. Коммунальное государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

